

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге 2012 жылға арналған әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 9 ақпандағы № А-2/59 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 14 тамыздағы № А-9/401 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 тамызда № 3437 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы әкімі аппаратының 2013 жылғы 11 маусымдағы № 1.5-13/8492 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы әкімі аппаратының 11.06.2013 № 1.5-13/8492 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес облыс әкімдігі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге 2012 жылға арналған әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 9 ақпандағы № А-2/59 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3422 болып тіркелген, «Акмоллинская правда» және «Арқа ажары» газеттерінде 2012 жылғы 22 наурызда жарияланған) келесі өзгеріс е н г і з і л с і н :

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызмет шығындарына облыстық бюджеттен аудандар, Көкшетау және Степногорск қалаларының бюджеттеріне бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 100 пайыз мөлшерінде қосымша шаралар белгіленсін.»

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Қ.Қайнарбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Қожамжаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК